



# Студенттер ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМЫ



# Жалпы ережелер

Студенттердің ғылыми қоғамы (СҒҚ)-әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Экономика және Бизнес Жоғары мектебінің ғылыми-зерттеумен шұғылданатын студенттер қауымын біріктіретін қоғамдық ұйым. Әл-Фарби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Экономика және Бизнес Жоғары Мектебі студенттерінің қоғамдық ұйымының нақты атауы: «Студенттердің Ғылыми Қоғамы» болып табылады.



# СҒҚ МАҚСАТЫ:

- Факультеттің ғылыми өміріне бағытталған іс-шараларды өткізу және жүйелі жұмыстарды ұйымдастыру;
- Факультет әкімшілігі алдында, ЖОО аралық, мемлекеттік және халықаралық деңгейлерде студенттердің пікірлерін алға тарту
- Студенттердің өзіндік ішкі потенциалдарының іске асуына көмектесу



# МІНДЕТТЕРІ:

- Студенттерге құқықтары мен міндеттері жөнінде, ғылыми орталықтар және кафедраларда ғылыми зертеу жұмыстарының өту механизмі туралы ақпарат беру; студенттерді жаппай ғылыми жұмыстармен айналысуға шақыру ғылыми конференцияларды өткізу, ғылыми конкурстар жүйесін ұйымдастыру, ғылым және технология жетістіктерін ұсыну, студенттердің ең үздік жұмыстарының жарыққа шығуына және өндіріске енгізілуіне көмектесу.
- СҒҚ-ның факультет әкімшілігімен, басқару жүйесінің барлық деңгейлерімен конструктивті қарым-қатынаста болуы және оны әрі қарай жетілдіруі қажет.
- Университетте стратегиялық маңызды шешімдерге қатысты құжаттар дайындауға қоғамдық, әлеуметтік проблемалар мен ғылыми зерттеу жұмыстарына СҒҚ өкілдерінің ат салысуы.

- Факультет аралық, университет аралық ,халықаралық байланыстарды жақсартуға бағытталған шаралар ұйымдастыру. Университет ішіндегі өзге факультеттердің қоғамдық ұйымдармен байланыс және тәжірибе алмасу.
- СҒҚ ақпарат тасушыларына уақытында факультетте өткізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарының түрлі аспектітеріне қатысты мәліметтерін орналастыру
- Ақпарат тасушыларға дер кезінде СҒҚ кеңесінің және конференциясының шешімін орналастыру
- СҒҚ ақпарат тасушыларын ұйымдастыру және қолдау

## МҮМКІНШІЛІКТЕР:



- Мақала, ғылыми жұмыстар жазып үйрену
- Бизнес-жобалар жазу
- Республикалық деңгейдегі конкурстарды жеңу
- Шахметпен ойлау қабілетінді дамыту
- Тегін English-club
- Конференциялар мен олимпиадаларды ұйымдастыра отырып, тәжірибе жинақтау
- Ішкі потенциалды ашу



# СҒҚ-ның басқарушылық құрылымы

